



КОМПЛАЕНС ОФИЦЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ЛН 044/74-01-2021

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент қ.

ONÝTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		ЛН 044/74-01-2021
Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығы		Бас. №1 9 беттін 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Комплаенс офицері әзірлеп, енгізді.

Хаттама № 9 «29» 03 2021 ж.

2. «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссия шешімімен келісілді.

Хаттама № 9 «29» 03 2021 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Комплаенс офицер		ЛН 044/74-01-2021 Бас. №1 9 беттін 3 беті
Комплаенс офицердің лауазымдық нұськаулығы		

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	5
3	ТЕРМИНДЕР МЕН АҢЫҚТАМАЛАР.....	5
4	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
5	ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕР.....	6
6	ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	7
7	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	8

OÝTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Комплаенс офицер		ЛН 044/74-01-2021 Бас. №1 9 беттің 4 беті
Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығы		

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы лауазымдық нұсқаулық «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «ОҚМА» АҚ) штат бірлігі болып табылатын комплаенс-офицердің функционалдық міндеттерін, құқықтарын және жауапкершілігін анықтайды.

1.2 Комплаенс-офицердің қызметіне жоғары заң білімі бар және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар тұлға тағайындалады.

Комплаенс-офицер «ОҚМА» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен қызметке тағайындалады және босатылады.

1.3 Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында комплаенс-офицер «ОҚМА» АҚ Директорлар кеңесіне немесе ректорына тікелей бағынады.

1.4 Комплаенс-офицер өзінің қызметінде:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын,
- Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

Заңын,

- Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын,
- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін,
- Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексін,
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексін,
- 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын,
- «ОҚМА» АҚ Жарлығын,
- «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын,
- «СТ РК 3049-2017. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі.

Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар» ұлттық стандартын («ISO 37001:2016. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандартын),

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативтік, ұйымдастыру-жарлық құжаттарын,
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігінің нормативтік, ұйымдастыру-жарлық құжаттарын,
- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын,
- «ОҚМА» АҚ ректорының нұсқаулары мен тапсырмаларын, сонымен бірге осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	ЛН 044/74-01-2021
Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығы	Бас. №1 9 беттің 5 беті

1.5 Комплаенс-офицер қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық, процессуалдық заңнамаларды, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «ОҚМА» АҚ Жарғысын, «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын, «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрықтары мен өкімдерін білуі тиіс.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы лауазымдық нұсқаулықтар келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы «Білім туралы» 27 шілде 2007 жылғы № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы» 18 қараша 2015 жылғы № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» 23 қараша 2015 жылғы № 414- V ҚРЗ;
- «СТ РК 3049-2017. Жемқорлықта қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар» ұлттық стандарты («ISO 37001:2016. Парақорлықпен құрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты);
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 044/003-2018. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 044/011-2018. Персоналды басқару;
- СТ 044/012-2018. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

Құжатталған ақпарат – үйым басқаратын және қолдайтын ақпарат, және оны сақтайтын тасымалдағыш.

4. БЕЛГІЛЕУЛЕРМЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей қысқартулар мен белгілеулер қолданылды:
«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» акционерлік қоғамы»,

ҚР - Қазақстан Республикасы,

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	ЛН 044/74-01-2021 Бас. №1 9 беттің 6 беті
Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығы	

КР СТ - Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты,
 ЛН - лауазымдық нұсқаулық,
 МжСМЖ – Мониторинг және сапа менеджменті жүйесі,
 СМЖ - сапа менеджменті жүйесі.

5. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕР

Комплаенс-офицердің міндеттеріне келесілер кіреді:

- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарын сақтау;
- «ОҚМА» АҚ жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер, сонымен бірге комплаенс-офицердің құзыреттілігіне кіретін хаттар, өтініштер, арыздар мен басқа да материалдар бойынша тиісті құжаттарды қарau;
- «ОҚМА» АҚ әзірленетін шарттардың, бұйрықтардың, өкімдердің, нұсқаулықтардың, ережелердің, басқа да ұйымдастыру-жарлық құжаттарының қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкестігін алдын-ала тексеру мақсатында танысып, сыйбайлас жемқорлық тәуекеліне талдау жасау;
- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған іс-шараларды реттеу, үйлестіру және орындалуын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыйбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайтуға бағытталған іс-шараларды реттеу, үйлестіру және орындалуын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлықтың барлық формалары мен көріністерінен бас тарту туралы «ОҚМА» АҚ қызметкерлеріне жалпы түсінік жасауға бағытталған іс-шараларды реттеу, үйлестіру және орындалуын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіруге бағытталған іс-шараларды реттеу, үйлестіру және орындалуын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қағидалары мен талаптарын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен қолданылатын негізгі нормалар мен міндеттердің орындалуын қадағалау;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және олардың салдарын жою;

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Комплаенс офицер</p>	<p>Комплаенс офицердін лауазымдық нұсқаулығы</p>	<p>ЛН 044/74-01-2021 Бас. №1 9 беттін 7 беті</p>

- «ОҚМА» АҚ қызметкерлері қолдана алатын Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру;
- білім алушыларға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша «Саналы ұрпақ» жобалау кеңсесінің бағыттары туралы ақпарат беру;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға «ОҚМА» АҚ қызметкерлерін жүмылдыру;
- талдау жүргізу арқылы «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлық қауіпін анықтау;
- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «ОҚМА» АҚ қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларды үйлестіру және орындалуын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану саласын, «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлықтың ықпалына түсетін және/немесе түскен қызметкерлерді анықтау, құқықтық баға беру, олармен консультативтік сипатта түсіндірме жұмыстарын жүргізу және ол туралы «ОҚМА» АҚ ректорына баяндау;
- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын жобасын, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеуге бағытталған іс-шараларды реттеу, үйлестіру және орындалуын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың аясында «Комплаенс жедел желісі» қызметін ұйымдатыру;
- «ОҚМА» АҚ СМЖ-нің құжаттарын басшылыққа алу.

6. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Комплаенс-офицер келесілерге құқылды:

- қызметіне сәйкес басшылықтан міндеттерді және қызметтік өкілеттіктердің көлемін нақты белгілеуді талап етуге;
- «ОҚМА» АҚ есебінен, өзінің келісімі немесе ұсынысы бойынша түрлі дәрежедегі білім беру мекемелерінен, оқу курстарынан өз қызметіне сәйкес білім алуға, біліктілігін жоғарлатуға;
- қызметіне сәйкес басшылықтан «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің атқаратын лауазымына, саласына қарамастан жұмысқа тағайындау, босату және марапаттау туралы ұсыныстар енгізу барысында «ОҚМА» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарының орындалуын талап етуге;
- қызметіне сәйкес «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінен, олардың атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыйбайлас жемқорлыққа қатысты тапсырмаларды беруге және дер кезінде орындалуын талап етуге;
- комплаенс-офицердің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша, «ОҚМА» АҚ басшыларына, қызметкерлеріне, олардың атқаратын лауазымына, саласына

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Комплаенс офицер Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығы		ЛН 044/74-01-2021 Бас. №1 9 беттің 8 беті

қарамастан ұсыныстар беруге, талаптар қоюға және олардың орындалуын талап етуге;

- «ОҚМА» АҚ басшылығымен өткізілетін кеңестерге қатысуға, сонымен бірге комплаенс-офицердің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер алуға, кеңестер өткізуге, ұсыныстар және тапсырмалар беруге;

- «ОҚМА» АҚ жасалатын шарттардың және басқа да келісімдердің жобалары бойынша, олардың «ОҚМА» АҚ сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптарына сәйкестігіне, мәніне сараптама өткізуге;

- «ОҚМА» АҚ қарастырылатын сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы ұсыныстар беруге;

- «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінен, барлық құрылымдық бөлімшелерінен, олардың атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау мақсатында қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрауға және алуға;

- қызметіне сәйкес, қолданыстағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға, «ОҚМА» АҚ сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптарына сәйкес келмейтін, қол қоюға ұсынылған ішкі және ұйымдастыру-жарлық құжаттардың жобаларымен келіспеуге;

- «ОҚМА» АҚ қызметкерлері тарапынан, сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптары бұзылған және/немесе бұзылуына әкеп соғатын фактілері анықталған жағдайда немесе анықтау мақсатында қызметкерлер арасында қызметтік тергеу жүргізуге;

- қызметіне сәйкес, өзінің алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында заң аясында барлық шаралар қабылдауға.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Комплаенс-офицер өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен келесіге жауапты болады:

- өзінің лауазымдық міндеттерін және басшылықтың өкімдерін дәлелді себептерсіз орындауда немесе тиісті деңгейде орындауда;

- еңбек тәртібін бұзуға;

- «ОҚМА» АҚ оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқада құпияны құрайтын ақпаратты жариялауға;

- еңбек және КР азаматтық заңнамасының белгілі бір бабына сәйкес материалдық зиян келтірсе;

- «ОҚМА» АҚ Жарғысында көзделген, ішкі тәртіп ережелерін, корпоративтік этика кодексінің, қолданыстағы құқықтық актілермен және лауазымдық нұсқаулықпен міндеттерді орындауда.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	ЛН 044/74-01-2021 Бас. №1 9 беттің 9 беті
Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығы	


Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.		

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабишаев О.А.		
Кадрлық қызмет бөлімінің менгерушісі	Елеусизова Г.Л.		
МжСМЖ секторының менгерушісі	Ержанов Н.А.		

Келісілген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есіркепов М.М.		
Қаржы және шаруашылық жұмыстар бойынша проректор	Сейтжанова Ж.С.		
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	Анартаева М.У.		
Ғылыми-клиникалық жұмыстар бойынша проректор	Нұрмашев Б.Қ.		